

# KASE АПТАЛЫҒЫ

**30 Қараша – 4 Желтоқсан, 2020**

## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- KASE ВАЛЮТАЛЫҚ НАРЫҚТЫҢ ASTS+ САУДА-КЛИРИНГІЛІК ЖҮЙЕСІ ЭКСПЛУАТАЦИЯҒА БЕРІЛДІ.
- KASE 2020 ЖЫЛДЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНА ӨТІМДІЛІГІ БІРІНШІ, ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ КЛАСТАРЫНДАҒЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ТІЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ.
- KASE KAZPRIME,KIBOR және KIBID банкаралық депозиттер нарығы индикаторларының есептеуі тоқтатты.
- "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ USDKZT_TOM құралы бойынша Қазақстан қор биржасында маркет-мейкер мәртебесі берілді.
- "Сентрас Секьюритиз" АҚ "Орта Азия Электр энергетикалық Корпорациясы" АҚ KZ2C00002426 (CAEPb1) облигациялары бойынша биржадағы маркет-мейкері мәртебесінен бас тартты.
- Қазақстан қор биржасында "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00007136 (KFUSb7) облигацияларының және АҚШ Қаржы министрлігінің US9127964V80 (US_05_2110) облигацияларымен сауда-саттықтары ашылады.
- Америка Құрама Штатының Қаржы миинстрлігінің халықаралық купондық облигациялары US912810FJ26 (US_04_2908) Т+ тізімі және Т+ қамтамасыз ету тізіміне енгізілді.
- KASE Басқармасы Еуропа қайта құру және даму банкі жоспарланған XS2264979431 халықаралық облигациялары шығарылымына KASE ресми тізімінің "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздар" санаты бойынша енгізілуіне келісім берді.
- "Қазақстан Даму банкі" АҚ KZ2C00007102 (BRKZb21) облигациялары KASE негізгі сауда-саттық алаңының "облигациялар" санаты бойынша листинг процедурасынан өтті.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ KASE KZ2C00007151 (SKKZb25) облигацияларын жылдық 10,90 % орналастырып,129,2 млрд теңге қаржы тартты.
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C0000 7037 (KFUSb4) облигациясын жылдық 10,8158% -бен орналастырып, 11,8 млрд теңге қаржы тартты.
- "КазТрансОйл" АҚ Қазақстан Республикасының ішкі нарығына «КазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырларымен мұнай айдау қызметіне тарифті бекіту туралы хабарлады
- "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық Ұйымы АҚ Moody's Investors Service рейтингілік агенттігі компанияның рейтингін растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- "Фридом Финанс" АҚ S&P Global Ratings агенттігі компанияның рейтингілік бағасы бойынша болжамды "Тұрақты" деңгейінен "Позитивті" деңгейіне жақсартқаны туралы хабарлады.
- "АТФБанк" АҚ Fitch Ratings агенттігі банктің рейтингілік бағасын растағаны туралы хабарлайды, болжам "Тұрақты".
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Еуразиявық Даму банкінен ресей рублімен несие желісін тартқаны туралы хабарлады.

KASE Индексі апта қорытындысы бойынша 0,86% өсіп, 2 609,35 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны Халық банкі жай акцияларымен жасалды – 1 090 мәміле. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі KAZ Minerals қағаздары – 19,2 млрд теңге (бір аптадағы жиынтық көлемінен 98,3%).

### KASE Индексінің акциялары




| 04.12.2020 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 2 609,35 | 0,9 | 4,9 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Цена** | **Δ 7д** | **Δ 1м** |
| Freedom Holding Corp. | 18 660,0 | 22,0 | 56,4 |
| Сбербанк | 1 427,9 | 9,5 | 19,0 |
| Аэрофлот | 425,0 | 5,4 | 16,8 |
| Банк ВТБ | 0,2 | 5,0 | 10,5 |
| Газпром | 1 050,4 | 3,0 | 18,6 |
| Казахтелеком, прив. акции | 12 970,0 | 2,4 | 4,9 |
| **Народный банк** | 125,5 | 2,0 | 11,9 |
| **Казахтелеком** | 26 492,0 | 1,4 | 4,3 |
| **KAZ Minerals** | 3 545,1 | 1,3 | 7,4 |
| **Банк ЦентрКредит** | 215,9 | 0,9 | 1,0 |
| **Kcell** | 2 740,0 | 0,4 | 0,7 |
| **KEGOC** | 1 700,0 | 0,4 | 1,4 |
| **КазТрансОйл** | 910,0 | 0,1 | 13,6 |
| **НАК Казатомпром** | 6 258,0 | -0,2 | 2,6 |
| Bank of America Corporation | 11 908,1 | -2,2 | 12,6 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

KASE Индексі осы аптада кезекті рет 2020 жылдың максималды мәнін жаңартумен ерекшеленді. Индекстік қоржынның акцияларының өсуінің іргетасын қалаушы компанияның 2020 жылдың III тоқсанына есептілігін аяқтау болды.

Өкілеттік тізімнің барлық акциялары, Казатомпром жай акцияларынан басқасы түгел дерлік жасыл аймақта жабылды. Бағасы біршама 0,24% төмендеп, 6 258,00 теңгені құрады. Жұма күнгі сауда-саттықта атом компаниясының акциялары оқшауланған деңгейден төмен қарай түсті, ол да компания акциялары үшін максималды жоғары мәніне ие болды. Сонымен қатар, «ВТБ Капитал» сарапшылары 12 айдан кейін Казатомпром акцияларының мақсатты бағасын $24 дейін арттырды, ол 2020 жылдың III тоқсанындағы күтілген көрсеткіштерге қарағанда жоғары болды.

Өсім көшбасшысы қатарында екінші апта қатарынан Халық Банк акциялары келеді, бағасы 2,02% қымбаттап, 125,48 теңгені құрады. Halyk Bank қағаздары АҚШ долларының теңгеге қатысты бағамы төмендеу аясында қарсыласудың оқшауланған деңгейінен жоғары тіркелді.

### Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 186 б.н. азайып, жылдық 8,39% құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі 212 б.н төмендеп, жылдық 7,41% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 332,3 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке +7,3%) құрады.

## Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




## Основные параметры размещения нот НБРК




## Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 3,08 (-0,98%) теңгеге өсіп, 420,79 теңгені құрады. Ағымдағы аптада валютаның жиынтық көлемі $442,2 млн (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке (-31,0%). АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы көлемі 1 414 (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке (-628) құрады. Максималды бағасы бір АҚШ долларына 425,45 теңге, минималды – 420,50 теңге.

Теңге АҚШ долларына қатысты қымбаттаған мұнай аясында өзінің позициясын нығайтты. Бейсенбі күні ОПЕК+ отырысы болды, қорытындысы бойынша елдердің бірлестігі 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мұнай өндіруді ұлғайтуға шешім қабылдады. ОПЕК+ елдері мұнай нарығы тұрақты жағдайда екендігін, бірақ әлі де әлсіз екендігін, соның салдарынан мұнай өндіру басында жоспарлағандай 2 млн б/с емес, тек қана емес 0,5 млн б/с артты. Сонымен қатар, Қазақстан Энергетика Министрлігі, ОПЕК+ келісіміне қатысушы елдер 2021 жылдың қаңтар айынан бастап, мұнай нарығының ағымдағы жағдайына шолу жасау үшін және шектеулердің әрі қарайғы деңгейін түзету үшін жыл сайынғы министрліктің отырыстарын өткізу туралы келісімге келді.

Сонымен қатар, АҚШ-пен қарым-қатынасы жақсарған жағдайда, Ливиядан жеткізудің өсу және Ирандағы барлауды әлеуетті арттыру тәуекелі сақталуда, ол мұнай бағасына қысым көрсетуі мүмкін.

Сондай-ақ, АҚШ Энергетика Министрлігінің соңғы мәліметтері АҚШ-тағы мұнай қорының өткен аптада 679 мың баррельге төмендеуін көрсетті. Сол арада, Ұлыбритания COVID-19 вакциянасын пайдалануға қолдау көрсеткен Pfizer және BioNTech өндірісін мақұлдаған алғашқы елдердің бірі болды. Еліміздің денсаулық сақтау министрлігінде келесі аптадан бастап, Ұлыбританияда вакцина қол жетімді болатындығын хабарлады.

Жұма күні Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 15:30 -да Brent қаңтар айындағы мұнай фьючерсі құны ICE Futures лондон қор биржасында бір баррельге 1,8% өсіп, $49,60 құрады. Мәскеу биржасында АҚШ долларының ресей рубіліне бағамы осы уақытта 0,2% өсіп, 74,2912 рубльді құрады.

Ресей рублінің құны 0,0682 теңгеге (+1,22%) арзандап, 5,6584 теңгені құрады. Қытай юаны бағасы 0,0164 теңгеге (-0,03%) арзандап, 64,4836 теңгені құрады.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2020, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 566,73 | 0,4 | 0,7 | 13,3 |
| USDKZT | 422,87 | 0,1 | -2,4 | 10,9 |
| EURKZT | 512,10 | 1,9 | 1,1 | 20,0 |
| CNYKZT | 64,49 | 0,4 | -0,6 | 18,2 |
| RUBKZT | 5,63 | 0,7 | 3,5 | -8,8 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**



**Халықаралық индекстер** **Шикізат нарығы** **04.12.2020**

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 3 699,12 | 1,7 | 7,4 | 18,7 | 1,7 |
| Dow Jones | 30 218,26 | 1,0 | 8,5 | 9,2 | 1,1 |
| РТС | 1 357,39 | 4,2 | 22,5 | -5,1 | 4,1 |
| ММВБ | 2 285,53 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 4,1 |
| Hang Seng | 26 835,92 | -0,2 | 7,8 | 2,4 | -0,2 |
| SS CSI 300 | 5 065,92 | 1,7 | 5,2 | 30,6 | 2,2 |
| Euro Stoxx 50 | 3 539,27 | 0,3 | 12,0 | -3,0 | 0,0 |
| FTSEuroFirst | 3 934,50 | 0,9 | 12,4 | -8,6 | 1,1 |
| FTSE 100 | 6 550,23 | 2,9 | 11,3 | -8,2 | 2,8 |
| KASE | 2 609,35 | 0,9 | 4,9 | 13,3 | |

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 49,25 | 2,2 | 19,5 | -22,3 |
| Мұнай (WTI) | 46,26 | 1,6 | 18,2 | -20,8 |
| Табиғи газ | 2,58 | -9,4 | -15,5 | 6,1 |
| Мыс | 351,40 | 3,4 | 13,1 | 32,7 |
| Темір | 980,00 | 5,3 | 10,5 | 47,8 |
| Алтын | 1 838,86 | 2,9 | -3,4 | 24,3 |
| Күміс | 24,20 | 7,3 | 1,3 | 42,9 |
| Астық | 566,50 | -5,0 | -6,5 | 6,5 |

| Экономикалық оқиғалар күнтізбесі | | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 08.12 | EIA энергия тасымалдаушылары нарығындағы жағдайға қысқа мерзімді болжам | USD | | |
| 10.12 | Ұлыбритания: ІЖӨ (а/а) | GBP | | 1,1% |
| 10.12 | ЕОБ монетарлық саясаты бойынша өтінім | EUR | | |
| 10.12 | ЕО: пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (желт) | EUR | | 0,00% |
| 10.12 | АҚШ: тұтыну бағасының базалық индексі (ТБИ) (а/а) (караша) | USD | 0,1% | 0,2% |
| 10.12 | АҚШ: жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны | USD | 725K | 712K |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Жыл басына |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 7,1% | 01.07.20 | 5,3% |
| ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD | 31 561 | 01.06.20 | 30 927 |
| Қаржы базасы, млрд KZT | 8 428,3 | 01.06.20 | 5 995,7 |
| Қаржы массасы, млрд KZT | 22 438,2 | 01.06.20 | 20 813,4 |

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-тұрақты | 10.09.18 | BBB-тұрақты |
| Moody's | Baa3 тұрақты | 26.07.17 | Baa3 -тұрақты |
| FitchRatings | BBB тұрақты | 28.09.18 | BBB тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді .
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факорлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2020